



«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру
кешені менгерушісі А.А. Қарымбетова Ж.С.

Ертеңгілік

Тақырыбы: «8 Наурыз»

Орындаған: Бижанова Г.О.

Жүргізуші: Аяулы аналар, әжелер, қыздар 8 наурыз мерекелеріңіз құтты болсын! Көктемнің шуақты күндеріндей сан алуан гүлдеріндей құлпырып жайнап жүре беріңіздер! Жүздеріңізден шаттық, көңілдеріңізден қуаныш арылмасын.

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық

Аналарды құрметтеп

Ән маржанын шашайық

Ән: «Айналайын ақ мамам»

Тақпақтар: Сәния, Арман, Айгерім, Жансая, Аяулым

Әр сөзінді жаттаған

Жүрегімде сақтаған

Анашым деп мақтанам

Айналайын ақ мамам

Ақ әжемді әрқашан

Сыйлап жақсы көремін

Қуантайын деп оны

Өлең айтып беремін

Бүгін наурыздың сегізі

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі

Ана деген-өмірдегі қамқорын

Ана деген-сүйенерін жан құрбың

Өзің мені өсірген

Айналайын ақ әжем

Тентек болсам кешірген

Балдай тәтті ақ әжем

Жүргізуші:

Тұлыншағым желпілдеп

Би билейік кештерде

Ақ көйлегім желпілдеп

Биші болам өскенде

«Заманауи би»

Музыка әуенімен Сайқымазақ кіріп келеді

Сайқымазақ: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мұнда не болып жатыр? Қандай әдемі болып кеткенсіңдер.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Сайқымазақ! Біз аналар мерекесін тойлап жатырмыз. Балалар кәне Сайқымазақпен амандасайықшы!

Сайқымазақ: Қандай тамаша! Мен де анамды қатты жақсы көремін. Сендермен бірге менде аналар мерекесін тойласам бола ма?

Жүргізуші: Әрине, болады. Білесің бе Сайқымазақ ана деген керемет асыл жан. Менің анам кішкентай кезімде не айтсам да соны әперетін.

Сайқымазақ: Ал менің анам ұйықтар алдында ән, ертегі

Айтып ұйқыдан оянғанда жүрегіме жылу беретін сөздер айтады.

Жүргізуші: Сайқымазақ сен біздің балалардың өнерін тамашала. Кәне төрге шыға ғой!

Жүргізуші: Ана дейміз бәрімізде аңқылдап

Ана дейді жас сәби де жарқылдап

Ана деген-бәйтерегі өмірдің

Ана деген алтын қазық алтын бақ-дей отырып біздің тобымыздың балаларының орындауында «Құттықтаймын мама»

Жүргізуші: Аялаймыз ананы

Құрметтейміз бағамыз

Сіздер үшін аналаро

Шырқап тақпақ айтамыз

Тақпақтар: Айсана,Іңкәр

Бізді өсіріп баптаған

Жақсы болсақ шаттанған

Алтыным деп мақтаған

Айналайын ақ мамам

Қандай қызық көктемде

Күн шуағын төккенде

Гүл тереміз алуан

Алып құшақ гүлдерді

Бүгін наурыздың сегізі

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі

Сайқымазақ:Балалар қандай тамаша билейді екен.Менің де билегім келіп кетті.Бірақ менің кететін сәтім келіп қалды Мені сендер сияқты балалар күтіп отыр.Мен оларға сендердің қандай өнерлі,биші екендерінді айтып барамын.Қош сау болыңдар!

Жүргізуші:

Қар еріп,су көбейіп сай салада ағады

Бүршік шашып жапырақ ашып

Жер,гүл шашақ тағады

-Балалар менің айтып тұрғаным қай жылдың мезгілі деп ойлайсындар?Қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар:Көктем

Жүргізуші:Дұрыс айтасындар көктем мезгілі.Қанекей бәріміз бірге ару Көктемді қарсы алайық

Музыка әуенімен Көктем кіреді

Көктем:Мен көңілді көктеммін

Былтыр келіп кеткенмін

Көзін ашып бұлақтың

түбіне тал еккенмін

Жүргізуші:Амасың ба! Ару КөктемБіздің ертеңгілігімізге қош келдіңіз

Көктем:Рахмет сендерге балалар!

Жүргізуші:Көктем біздің балаларымыздың сізге арналған тақпақтарын қабыл алыңыз

Тақпақтар:Айзара,Ануар,Сандияр,Тамерлан

Айтсақ болды тіл алам

Әйбәт мамам,ай мамам

Аяулы ақ әжем

Әлпештеп өсірген

Анам мені күнім дейді

Мен қуансам күлімдейді

Ақ жүректен сақтаған

Жарқын күлкі бақ маған

Ақ бетінді сүйейін

Келші,келші ақ мамам

Би: «Көктем» биі

Көктем:Балалар мен сендердің аналарымен бірге ойын өткізгім келіп тұр.
«Шаш үлгілері» .

Жүргізуші:Ару Көктем біздің балалар аналарына арнап тақпақтарын
арнағысы келіп тұр

А.Дийназ,Алина,Сұңқар,Данель,Дана

Ана деген-жылулық

Ана деген-мейірім

Менің әжем гүл әжем

Алтын әжем күн әжем

Апам үшін мен үшін

Нағыз ана тілі - әжем

Күн мен айым-әжетайым

Ақ анама кім жетсін

Әлемдегі жақсы ана

Түнде сергіп жатпаған

Күндіз тыным тппаған

Бізсіз тамақ татпаған

Айналайын ақ мамам

Көктем:Балалар сендер өте өнерлі екенсіңдер жақсы биде әнде
айтасындар.Сендерге көп рахмет мен уақтымды сендермен өте қызықты
өткіздім.Ал енді менің кектетін уақытым келдіҒСау болындар!

Жүргізуші:Балалардың орындауында «Көктем» Әні

Жүргізуші:Осымен 8 наурызға арналған «Көктем-ана,қыздар-гүл» атты
ертеңгілігімізді аяқтаймыз.Келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет